<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p>Музыка <b>Музыкатындау.</b> Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау(музыкалықшығармаларды аландамай соңына дейін тыңдау. <b>Әнайту.</b> Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. <b>Музыкалық-ырғақты қимылдар.</b> Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Билер Билерде ойындағы музыкалық</p>	<p>Дене шынықтыру Мақсаты:Жүгіріп келіп жоғарға секіру колмен затты тигізуді; допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алуды үйрету. Допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алу бірнеше рет қайталау. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамытуға ықпал ету; кеңістікте бағдарлану білігін қалыптастыру.Шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. 1) Тіке жолмен еңбектеп</p>	<p>Музыка <b>Музыкатындау.</b> Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау(музыкалықшығармаларды аландамай соңына дейін тыңдау <b>Әнайту.</b> Әнді созып,қимылдарменүйлестіріп айтуды қалыптастыру. <b>Музыкалық-ырғақты қимылдар.</b> марш сипатын ырғақты жүріспен беру. Билер Би қимылдарын,ойындағы</p>	<p>Дене шынықтыру Мақсаты:Енбектеп жүру және заттың арасымен ирелендеп өтуді үйрету; допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алуды дамыту. Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>Дене шынықтыру Мақсаты: Жүгіріп келіп жоғарға секіру колмен затты тігізуды; енбектеп жүру және заттың арасымен ирелендеп өтуді жаттықтыру. Ойын ережелерін сақтауға үйрету. Балалардың зейінін дамыту; қимыл-қозғалыс тәжірибесін дамыту. 1) Жіптің үстімен жүру. 2) Бір біріне қарама қарсы отырып допты</p>

	қимылдарды қолдану.	жүру. 2) Бір біріне қарама қарсы отырып допты домалату. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Жаңбыр жауады».	музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. <b>Қазақ тілі</b> <b>Тілдік дамытушы орта.</b> Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ө, к, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. <b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын	1) Жіптің үстімен жүру. 2) Қос аяқтап текшені аттап, алға секіру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Кім бірінші?».	домалату. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Ұстаз бен балалар».
--	---------------------	---	--	--	--

			<p>қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру</p>		
<b>2- таңғы ас</b>	<p>Мәдени -гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Тамақтану әдебін сақтау. Дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. <b>(мәдени гигиеналық, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, кезекшілік)</b></p>				
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Серуенге қызығушылық туғызу. Өз бетінше киіну. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. <b>(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)</b></p>				
<b>Серуен</b>	1. Күзді мезгілін бақылау	1. Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер	1.Күнді бақылау Мақсаты: балаларға	1. Аспанды бақылау. <b>Мақсаты:</b>	1.Өлі табиғат Тастарды бақылау.

	<p>Мақсаты: Күзгі табиғат құбылыстарын атай білуге үйрету.  <b>(Қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі***- коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)</b>  2. Қимылдық ойын: «Орамал тастамақ»  Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаң қимылдып, жылдам жүгіруге үйрету.  Қимылдық ойын: «Арқан түю».  <b>Мақсаты:</b> Жылдамдыққа, шапшаңдыққа секіруге дамыту.  <b>(Дене шынықтыру**- физикалық дағдыларды дамыту)</b>  3. Еңбек: «Таза алаң»  Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау  <b>Жеке жұмыс:</b> Менің жан ұям  Мақсаты: отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге санауға үйрету.  <b>(математика негіздері-сөйлеуді дамыту-</b></p>	<p>қысқа қалай дайындалады?  Құмырсқаның тіршілігін бақылау  <b>(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)</b>  2. Қимылдық ойын: «Итеріспек».  Мақсаты: Балаларды аяқтарында секіруге үйрету  <b>2. Қимылды ойын: «Көліктер»</b>  Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, байқампаздыққа үйрету.  <b>(Дене шынықтыру- физикалық дағдыларды дамыту)</b>  <b>3. Еңбек: «Біздің алаң»</b>  Мақсаты: ауладағы жапырақтарды жинауға үйрету.  <b>4. Жеке жұмыс:</b> «Құмырсқа» туралы ертегіні өз ойымен құрастырып айта білуге үйрету.  <b>(сөйлеуді, көркем әдебиет- дамыту- коммуникативтік дағдыларын дамыту).</b></p>	<p>күннің пайдалығын түсіндіру <b>(Қоршаған ортамен таныстыру, зерттеу іс-әрекет)</b>  2. Қимылдық ойын: «Түйілген орамал»  Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.  2. Қимылдық ойындар: «Ақсерек, көксерек»  Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, байқампаздыққа үйрету.  3. Еңбек: Гүл шоғы  Мақсаты: Аландағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау.  4. <b>Жеке жұмыс:</b> апта күндерін қайталап айтқызу.  <b>(математика негіздері- сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, танымдық және зияткелік дағдыларды дамыту)</b>  5. Таза ауада еркін ойындар.</p>	<p>Балаларды күзгі аспанды бақылауға үйрету. Күз мезгілінде де аспан ашық, әдемі түске боялғанын кей кезде бұлтты болатынын түсіндіру.  <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі*** қоршаған ортамен таныстыру- коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).</b>  <b>Қимылды ойын:</b> «Қуыспақ»  <b>Мақсаты:</b> Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу.  <b>Қимылды ойын:</b> «Тышқан мен мысық»  <b>Мақсаты:</b> Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу.  <b>(Дене шынықтыру**- физикалық дағдыларды дамыту)</b>  Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Өлі табиғат туралы түсінік беру.  Тастардың әртүрлілігі туралы білім беру.  Балаларға тастардың табиғаттың бір бөлігі екенін, олар өлі табиғат болып саналатын түсіндіру. Олардың қасиеттерімен таныстыру.  <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі*** қоршаған ортамен таныстыру- коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).</b>  <b>2. Қимылдық ойын:</b> «Соқыр теке»  Мақсаты: Балаларды қимыл қозғалысын дамытуға ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.  <b>(Дене шынықтыру**- физикалық дағдыларды дамыту)</b>  3. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау  Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу.</p>
--	---	--	---	---	---



	коммуникативтік, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту) 5.Таза ауада еркін ойындар.	5.Таза ауада еркін ойындар.		Мақсаты: табиғатты аялай білуге, күтіп-баптауға тәрбиелеу Жеке жұмыс: күз мезгілі туралы тақпақ айту. Мақсаты: сөздік қорын кеңейту. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды) 5.Таза ауада еркін ойындар.	4.Жеке жұмыс: ойнайтын ойыншықтар туралы әңгімелеп беруге үйрету. Мақсаты: балаларды ойыншық сипаттауға үйрету. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыларды дамыту) 5.Таза ауада еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бірін-бірі итермей екі-екіден жүруге дағдыландыру. Өз бетінше шешінуді, киімдерін жинау, ілу, ересектердің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстыру, киюін қалыптастыру. (Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)				
Түскі ас	Таңғы ас алдында мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. (Ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге ретімен қою) Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, қолдарын өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық,шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерді еңбекке баулу)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздері ағыту. Киімдерін ұқыпты өз сөрелеріне іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Балаларға ертегі оқып беру және жайлы музыка қою. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, көркем әдебиет-коммуникативтік дағды, музыка-шығармашылық дағды)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<b>Кереуеттегі жаттығулар.</b> Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.				

	<p>- Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд.</p> <p>- Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу.</p> <p>"Құстар"</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. "Құстар оянды" - Б.к.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».</li> <li>2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.к.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шик-шик» деп айту.</li> <li>3. «Құстар жем шұқып жатыр» - Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.</li> <li>4. "Құстар көңілденіп жатыр" - Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.</li> </ol> <p>«Денсаулық» жолымен жүру.</p> <p>Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. Бәріміз бірге еңкейейік. Бірге секірейік. Бірге созылайық. Бірге қолымызды созайық. Бірге еңбектейік. Бірге тіземізді ұстайық. Бір орында секіру. Тыныс алу. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»</p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>Саусақ театры: «Үш торай»</b> Саусақтардың көмегімен ертегіні сахналау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысын, қабілетін дамып, ынталарын артырады және шығармашылық әрекетіне жолашады. <b>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-</b></p>	<p><b>Вариативтік компонент.</b></p> <p>«Бірғақ» «Қуыршақ» Бидің қол қимыл-қозғалыстарын үйрету.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.</p> <p>«Көңілді таяқшалар» ойыны.</p> <p><b>Мақсаты:</b> сөздік қорын</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Заттық фриздер» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.</p> <p><b>(қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)</b></p>	<p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын:</b> «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен ойнау арқылы шаштараз маманның құралдарын дұрыс атай білуге үйрету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен</b></p>	<p><b>Вариативтік компонент</b> <b>Таяқшалар</b> <b>«Желкенді таяқ»</b> <b>Мақсаты:</b> түрлі-түсті таяқшалардан желкенді қайық құрастыру. Дәптермен жұмыс. Жануарлар әлемі суреттер топтамасын қарау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> жануарлар туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p><b>(қоршаған ортамен</b></p>

	<b>коммуникативтік дағдыларды дамыту).</b>	дамыту, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру. <b>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды, математиканегіздері-танымдық және зияткерлік дағдылар)</b>		<b>таныстыру-коммуникативтік әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)</b>	<b>таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	«Ақылды лақ» ертегі Мақсаты: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айта білуге үйрету. <b>(көркем әдебиет-коммуникативтік дағдыларды дамыту).</b>	Дидактикалық ойын: «Менің ойыншығым» Мақсаты: кеңістік пен уақытты бағдарлай білуге үйрету <b>(математика негіздер-танымдық дағдыларын дамыту).</b>	Дидактикалық ойын: «Вагондар» Мақсаты: түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып, қағаз парағын түрлендіре алуға үйрету. <b>(құрастыру-шығармашылық дағдыларды дамыту).</b>	«Тәтті тоқаштар» Мақсаты: сазбалшықтан, ермексаздан, қамырдан мүсіндеуге қызығушылық таныта білуге машықтандыру <b>(мүсіндеу-шығармашылық дағдыларды дамыту).</b>	Дидактикалық ойын: «Әдемі көбелектер» Мақсаты: сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстай білуге дағдыландыру. <b>(сурет салу-шығармашылық дағдыларды дамыту).</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Өз бетінше киіну. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. <b>(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)</b>				
<b>Серуен</b>	<b>1. Күзгі жапырақтарды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. <b>2. Қимылды ойын:</b> «Секіртпелі жолдар» Мақсаты: Балаларды белгі бойынша алға жылжуға, тізені бүгіп аяқ ұшын көтеріп	<b>1. Жаңбырды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Жаңбырды бақылай отырып оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. <b>2. Қимылды ойын:</b> «Кім шапшаң?» <b>Мақсаты:</b> жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу. <b>Қимылды ойын:</b>	<b>1. Күзгі киімдерді бақылау.</b> Балалардан жазғы киімдермен күзгі киімдердің ерекшеліктері және айырмашылықтары туралы сұрау. <b>2. Қимылды ойын:</b> «Итеріспек». Мақсаты: Балаларды аяқтарында секіруге	<b>1. Балабақша айналасындағы көліктерді бақылату</b> Мақсаты: балаларға Көліктер туралы түсінік беру. Сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту. <b>3. Қимылды ойын:</b> «Асық, бірақ	<b>1. Аспан мен бұлттарды бақылау</b> Мақсаты: «бұлт» ұғымын, ауа райының бұлттардың болуына тәуелділігін талдау. <b>2. Қимылдық ойын:</b> «Қарағайлы ормандағы аю». Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

	секіруге үйрету, нақтылық пен шыдамдылық танытуға дағдыландыру.  <b>Қимылды ойын:</b> «Кім бірінші?» <b>Мақсаты:</b> Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	<b>«Күн мен түн»</b> <b>Мақсаты:</b> Ойын шартын түсінуге баулу, «күн», «түн» сөздері арқылы қимыл қозғалысты айыра білуге үйрету.	үйрету. Қимылды ойын: <b>«Ақ сирек,көк сирек»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, шапшаң қимылдып, жылдам жүгіруге үйрету.	<b>түсіріп алма»</b> Мақсаты Балаларды қолындағы жапырақшаны түсірмей жүгіре алуға жаттықтыру. <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Аттамақ»</b> Мақсаты: денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.	<b>Қимылды ойын:</b> <b>«Қасқыр мен лақтар».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бірін-бірі итермей екі-екіден жүруге дағдыландыру. Өз бетінше шешінуді, киімдерін жинау, ілу , ересектердің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстыру, кию. <b>(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>Үстел- үсті ойындар:</b> <b>«Шалқан» ертегісі</b> <b>Мақсаты:</b> Таныс ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру. <b>(көркем әдебиет-коммуникативтік дағды дамыту).</b> Шалқан суретін салдырту. <b>(сурет салу-шығармашылық дағдыдамыту)</b>	<b>Дидактикалық ойын:</b> "Суретке санды сәйкестендір" Мақсаты: Балаларды суреттегі заттардың санын санауға және сәйкес санмен байланыстуруға үйрету <b>(математика негіздері-танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).</b>	<b>Дидактикалық ойын:</b> <b>"Жаман қылықтардан аулақ жүреміз"</b> Мақсаты: Балаларға қауіп- жағдайында қажет нәрсені білуді қамтамасыз ету. <b>(қоршаған ортамен таныстыру- әлеуметтік –эмоционалды дағды дамыту).</b>	<b>Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі»</b> <b>Мақсаты:</b> Сандарды 2-ке дейін тура және кері санай білуге үйрету. <b>(Математика негіздері-танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).</b>	<b>Саусақ жаттығуы:</b> <b>«Қоңырау»</b> Сыңғырлайды қоңырау, Сыңғыр-сыңғыр етеді. <b>Мақсаты:</b> Ұсақ қол моторикасын дамыту.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналарға балаларды ауа-райына сай киіндіру керек екендігін, берілген тақпақтарды қайталатуды ескерту. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету				

**Білім беріу ұйымы:** Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Б. Тналин атындағы

Бірсуат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ шағын орталық

**Топ** «Болашақ» ортаңғы-ересек тобы

**Балалардың жасы** 3-4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 19 қыркүйек - 23 қыркүйек 2022жылы

<b>Күнтәртібі</b>	<b>Дүйсенбі 19.09.2022ж</b>	<b>Сейсенбі 20.09.2022ж</b>	<b>Сәрсенбі 21.09.2022ж</b>	<b>Бейсенбі 22.09.2022ж</b>	<b>Жұма 23.09.2022ж</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды қабылдау: таңғы балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл-күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, баланың қазіргі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білдіру.				
	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. <b>Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап»</b> Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері– коммуникативтік, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).</b>	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. <b>Дидактикалық ойын «Қарама-қарсы сөзді тап»</b> Мақсаты: Балаларды қарама- қарсы сөздерді айтуға үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі ***- коммуникативтік дағдыларды дамыту)</b>	Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. <b>Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар»</b> Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері– коммуникативтік, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).</b>	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. <b>Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр»</b> Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі *** коммуникативтік дағдыларды дамыту).</b>	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. <b>«Қай аспап жоқ?»</b> Мақсаты: Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту. <b>(музыка****- шығармашылық дағды дамыту).</b>

<p><b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b></p>	<p>Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу  Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгімелесу  Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын әңгімелеу  Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу  <b>(Сөйлеуді дамыту - коммуникативтік дағды)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Дидактикалық ойын «Кім? Не? (за есімдер)»  Мақсаты: Жанды, жансыз заттарды айыра білуге үйрету  <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік – эмоционалды, коммуникативтік дағдыларды дамыту).</b></p>	<p>Дидактикалық ойын «Суреттің жалғасын тап»  Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетерін дамыту.  <b>(сөйлеуді дамыту – коммуникативтік дағды дамыту).</b></p>	<p>Күз мезгіліне байланысты тілдік жаттығуларды айтқызу  Мақсаты: балалардың сөздік қорын дамыту.  <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік – эмоционалды, коммуникативтік дағдыларды дамыту).</b></p>	<p>Ауызша ойын «Сөз жұмбақ»  Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.  <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі***-әлеуметтік – эмоционалды, коммуникативтік дағдыларды дамыту).</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Зат неге ұқсайды?»  <b>Мақсаты:</b> геометриялық фигураларды тануға, атай білуге үйрету. Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.  <b>(қазақ тілі*** математика негіздері - коммуникативтік, - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)</b></p>
<p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>	<p>Таңертенгілік гимнастика кешені (физикалық қасиеттерді дамыту).  Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.  Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді, қолды белге қойып аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді. Қолды белге қойып тізені жоғары көтеріп жүру, ирелендеп жүгіру. <b>1.</b> Қолда доп, аяқ арасы сәл алшақ.  1 басты алға ию 2 басты оңға ию 3 басты артқа ию  4 басты солға ию бастапқы қалыпқа келу.  <b>2.</b> Бастапқы қалып, аяқ иық бойымен, қолда доп. 1 допты екі қолмен алға созу, 2 допты жоғары көтеру, 3 допты алға созу 4 допты төмен түсіру.  <b>3.</b> Бастапқы қалып, қолда доп, аяқ арасы алшақ. 1 допты оң жаққа бұру,</p>				

	<p>2 допты сол жаққа бұру 3 бастапқы қалыпқа кел 4.Бастапқы қалып, аяқ арасы сәл алшақ, қолда доп алға созу. 1 допты алға созып отыру,2 тұру, 3 бастапқы қалыпқа келу. 5.Бастапқы қалып, еденге отыру, қолда доп. 1 екі қолмен допты оң аяққа жеткізу,2 ортаға 3 допты сол аяққа жеткізу. 6.Бастапқы қалып, қол белде, аяқ иық бойымен, оң аяқпен 4 рет секіру, сол аяқпен 4 рет секіру, қос аяқпен 4 рет секіру, орында тұрып адымдау. Бастапқы қалып, бірінің артынан бірі адымдап жүру, жеңіл жүгіру. Демді қалыпқа келтіру. Тыныс алу жаттығу жасау. Денсаулық ол – шыныққан Барлық денең мүшесі. Денсаулық ол - тыныққан Жүйке тамыр жүйесі.</p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p>Таңғы ас алдында мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. (Ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге ретімен қою) Тамақтанар алдында , дәретханаға барғаннан кейін, қолдарын өз бетінше сабынмен жууға ,тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық,шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерді еңбекке баулу)</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Кім тез табады?»</b> <b>Мақсаты:</b> жемістер мен көк-өністерді сипатына байланысты тез таба білуге дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру, дұрыс атай білуге үйрету, жемістер мен көк-</p>	<p>Отбасы туралы әңгімелеу. <b>Мақсаты:</b> жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету. <b>(қазақ тілі*** қоршаған ортамен таныстыру - коммуникативтік,</b></p>	<p><b>«Үйшік» ертегіні оқып беру.</b> <b>Мақсаты:</b> балаларға кітаптан ертегілер оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкерлердің</p>	<p>«Күзгі табиғат». <b>Мақсаты:</b> балалардың сөздік қорын айналдасындағы өзін қоршаған орта мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. Балаларға қалауы бойынша үш орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Күзгі</p>	<p>«Біз тұратын үй» туралы әңгімелесу. Отбасы мүшелері бір біріне қандай жақсы сөздер айтады. Бір бірін қалай сыйлайды. Отбасы мүшелерінің суреттерін көріп танысу. Отбасы мүшелерін санау. Оларды сипаттау. <b>(сөйлеуді</b></p>

	<p>өністерге байланысты тақпақтар жаттау. Ермексаздың кесектерінен «Тостағандағы жемістерді» мүсіндеу, суретін салу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу-коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).</p>	<p><b>әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)</b> <b>Әдемі моншақтың суретін салу, түрлі түсті қағазды қиып моншақты жапсыру.</b> (сурет салу, жапсыру - шығармашылық дағдыларды дамыту) “Анашым” әнін орындау. (музыка****-шығармашылық дағды дамыту)</p>	<p>іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Балаларды орталықтарға бөлу. Балалар қалауы бойынша сүйікті кейіпкерінің суретін салу, мүсіндеу шығармашылық жұмыстармен айналысуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет, сурет салу, мүсіндеу-коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту).</p>	<p>табиғаттың бейнесін суретін салу, жапсыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, жапсыру-коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту). Балаларға күзге арналған өлеңдерін жаттату. (Музыка****-шығармашылық дағды дамыту).</p>	<p><b>дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздер-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).</b> Балалар отбасының мүшелерінің сурет салу, жапсыру жұмыстарын жүргізу. (сурет салу, жапсыру-шығармашылық дағдыларды дамыту)</p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Музыка</b> <b>Музыка тыңдау.</b> <u>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау</u> <b>Ән айту.</b> Балаларды мәнерлеп ойнайтуға үйрету, әнді созып қимылдар мен үйлестіріп айтуды қалыптастыру <b>Музыкалық-ырғақты қимылдар.</b> Бікімилдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Билер</p>	<p>Дене шынықтыру <b>Мақсаты:</b> Жүру түрлері жан-жаққа шышырап жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру жан- жаққа шышырап жүгіру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Аяқтың ұшымен жіптің үстімен жүруді үйрету. Қос аяқпен алға секіріп жүруді үйрету. 1) Аяқтың ұшымен жіптің үстімен жүру. 2) Қос аяқпен алға секіріп жүру. Қимыл- қозғалыс ойыны:</p>	<p>Музыка <b>Музыка тыңдау.</b> <u>(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).</u> <b>Ән айту.</b> Балаларды мәнерлеп ойнайтуға үйрету, әнді созып қимылдар мен үйлестіріп айтуды қалыптастыру <b>Музыкалық-ырғақты қимылдар.</b> марш сипатын ырғақты жүріспен беру. <b>Билер</b> Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұп пен бікімилдарын ойнау</p>	<p>Дене шынықтыру <b>Мақсаты:</b> Жүру түрлері жан-жаққа шышырап жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру жан- жаққа шышырап жүгіру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қос аяқпен алға секіріп жүруді жаттықтыру. Допты домалатуды үйрету. 1) Қос аяқпен алға секіріп жүру. 2) Допты домалатуды. Қимыл- қозғалыс ойыны:</p>	<p>Дене шынықтыру <b>Мақсаты:</b> Жүру түрлері жан-жаққа шышырап жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру жан- жаққа шышырап жүгіру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Допты домалатуды жаттықтыру. Тіке жолмен еңбектеп жүруді үйрету. 1) Допты бір-біріне домалату. 2) Тіке жолмен еңбектеп жүру.</p>



	<p>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету.</p>	<p>«Өз түсінді тап»</p>	<p>ындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.  Қазақ тілі  <b>Тілдік дамытушы орта.</b>  Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Қазақ тіліне тән ө, к, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.  Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.  <b>Сөздік қор.</b>  Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын</p>	<p>«Түрлі түсті көліктер».</p>	<p>Қимыл- қозғалыс ойыны:  «Аюлар мен аралар»</p>
--	---	-------------------------	---	--------------------------------	---

			<p>қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру</p>		
<b>2- таңғы ас</b>	<p>Мәдени -гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Тамақтану әдебін сақтау. Дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. “Денсаулық-зор байлық” сөзінің мәнін түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. <b>(мәдени гигиеналық, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, кезекшілік)</b></p>				
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Серуенге қызығушылық туғызу. Өз бетінше киіну. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. <b>(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)</b></p>				

<p><b>Серуен</b></p>	<p>Өткінші жаңбырды бақылау          Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру.  <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағыларды дамыту).</b>  <b>2. Қимылдық ойын: «Қасқыр мен лақтар».</b>          Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.  <b>«Қоймадағы тышқандар»</b>          Мақсаты: Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту.          Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау.  <b>(дене шынықтыру** - физикалық қасиеттерді дамыту).</b>  <b>3. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту</b>          Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы ағаштарға тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын</p>	<p><b>1. Күздегі өсімдіктерін бақылау.</b>          Мақсаты: Балаларға күзде өсетін өсімдіктерін бақылау.  <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағыларды дамыту).</b>  <b>2. Қимылдық ойын: «Қарағайлы ормандағы аю».</b>          Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.  <b>Қимылды ойын: «Бәйге»</b>          Мақсаты: Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді)          Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. <b>(дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту).</b>  <b>3. Еңбек: Біздің ойын алаңы</b>          Мақсаты: Ойын алаңында түскен жапырақтарды жинау  <b>4. Жеке жұмыс: такпақ үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.</b></p>	<p><b>1. Кемпірқосақты бақылау</b>          Мақсаты: Балаларды күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып, жаңбырдан кейін аспанда кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру.  <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағыларды дамыту).</b>  <b>2. Қимылдық ойын: «Ақ қоян»</b>          Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.          Қимылды ойын: <b>«Кім жоғары секіреді»</b>          Бір орында секіру, қимыл – қозғалысын шапшаңдықтарын арттыру.  <b>(дене шынықтыру*** - физикалық қасиеттерді дамыту).</b>  <b>3. Еңбек: Біздің аула</b>          Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау.          Балаларды еңбексүйгіштікке арттыру.  <b>4. Жеке жұмыс:</b></p>	<p><b>1. Ауа-райын бақылау</b>          Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау.  <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағыларды дамыту).</b>  <b>2. Қимылдық ойын: «Жүгіріп қетуге үлгер»</b>          Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету.  <b>Қимылды ойын: «Кегліні құлат»</b>          Кегліні құлата отырып, клюшканың көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту.          Белсенділікке тәрбиелеу.  <b>(дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту).</b>  <b>3. Еңбек: Гүл тұқымдарын жинау</b>          Мақсаты: гүлдің</p>	<p><b>1. Құстарды бақылау.</b>          Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындағы туралы түсінік беру.  <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағыларды дамыту).</b>  <b>2. Қимылдық ойын: «Доп қағып ал»</b>          Мақсаты: Балаларды қимыл қозғалысын дамытуға ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.  <b>(дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту).</b>  <b>3. Еңбек: ауладағы құстарға жем беру</b>          Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу  <b>4. Жеке жұмыс: Көркем сөз «Құстар қайтып барады»</b>          Мақсаты: Балаларға</p>
----------------------	--	---	---	---	---

	<p>түсіндіру. 4. Жеке жұмыс: мақал-мәтел жаттату. «Еңбекпен ел көгерер Жаңбырмен жер көгерер» Мақсаты: мақал мәтелді жаттату <b>(көркем әдебиет,қазақ тілі***- коммуникативтік дағдыларды дамыту).</b> 5.Таза ауада еркін ойындар.</p>	<p>Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып <b>(көркем әдебиет,қазақ тілі***- коммуникативтік дағдыларды дамыту).</b> 5.Таза ауада еркін ойындар.</p>	<p>«Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу. Мақсаты: Балаларға сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; көңілдерін көтеру. <b>(сөйлеуді дамыту- коммуникативтік дағдыларды дамыту).</b> 5.Таза ауада еркін ойындар.</p>	<p>тұқымнан өсетінің түсініру. Жұмбақ жасыру Алдым да әр түрінен жібек жіптің Аспанға әшекейлеп кесте тіктім Мақсаты: Түстерді ажырата білу. Балалардың ой-өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. 5.Таза ауада еркін ойындар.</p>	<p>тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын иолайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. <b>(көркем әдебиет,қазақ тілі***- коммуникативтік дағдыларды дамыту).</b> 5.Таза ауада еркін ойындар.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бірін-бірі итермей екі-екіден жүруге дағдыландыру. Өз бетінше шешінуді, киімдерін жинау, ілу, ересектердің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстыру, киюін қалыптастыру. <b>(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)</b></p>				
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p>Таңғы ас алдында мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. (Ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге ретімен қою) Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, қолдарын өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық,шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерді еңбекке баулу)</b></p>				
<p><b>Күндізгі ұйқы</b></p>	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздері ағыту. Киімдерін ұқыпты өз сөрелеріне іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Балаларға ертегі оқып беру және жайлы музыка қою. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, көркем әдебиет-коммуникативтік дағды, музыка-шығармашылық дағды)</b></p>				
<p><b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b></p>	<p><b>Кереуеттегі жаттығулар.</b> Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып аяқастыру, демалу. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап,</p>				

	<p>жайлап түсіру.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд.</li> <li>- Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу.</li> </ul> <p>"Құстар"</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».</li> <li>2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту.</li> <li>3. «Құстар жем шұқып жатыр» - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.</li> <li>4. "Құстар көңілденіп жатыр" - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.</li> </ol> <p>«Денсаулық» жолымен жүру.</p> <p>Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. Бәріміз бірге еңкейейік. Бірге секірейік. Бірге созылайық. Бірге қолымызды созайық. Бірге еңбектейік. Бірге тіземізді ұстайық. Бір орында секіру. Тыныс алу.«Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»</p>				
<b>Бесін ас</b>	<p>Ас мәзірімен таныстыру, назарын тағамға аудару.</p> <p>Мәдени -гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</p> <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау.</p> <p>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</p> <p style="text-align: center;"><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерді еңбекке баулу)</b></p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>Сюжетті - ойын: «Аспазшы».</p> <p>Мақсаты: аспазшы мамандығы атқаратын қызметінің мағызын түсіндіру,қызығушылығын қалыптастыру. <b>(сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік,</b></p>	<p>«Бірғақ»</p> <p><b>Тақырыбы:</b>«Қуыршақ»</p> <p>Бидің аяқ қимыл-қозғалыстарын үйрету.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b></p> <p><b>"Жаман қылықтардан аулақ жүреміз"</b></p> <p>Мақсаты: Балаларға қауіп- жағдайында қажет нәрсені білуді қамтамасыз ету. <b>(сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-</b></p>	<p>Сюжеттік ойын: «Дәрігер»</p> <p>Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту <b>(сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік,</b></p>	<p>Таяқшалар «Раушан гүлі» Түрлі-түсті таяқшалармен раушан гүлін құрастыру. <b>«Кітап бұрышына саяхат»</b> Мақсаты:Балаларды</p>

	әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).	қимылдарды бастау. <b>Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер»</b> байланысты жұмбақ жасыру. Мақсаты: жемістер мен көкөністерді ажырату, ойлау қабілеттерін дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).</b>	<b>коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).</b>	әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).	түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. <b>(көркем әдебиет-коммуникативтік – дағды дамыту.)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Дидактикалық ойын: «Менің отбасым» отбасы мүшелері туралы әңгімелеуді оларға өзінің қарым-қатынасын білдіре білуге үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды дамыту).</b>	Дидактикалық ойын: Қуыршаққа арналған әдемі сырға мүсіндеу. Мақсаты: мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндей алуға үйрету. <b>(мүсіндеу-шығармашылық дағды дамыту).</b>	«Алтын күз» Мақсаты: күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра білуге үйрету. <b>(Сурет салу-шығармашылық дағды дамыту)</b>	Дидактикалық ойын: «Көпір» Мақсаты: түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып, қағаз парағын түрлендіре алуға үйрету <b>(құрастыру-шығармашылық дағды дамыту)</b>	«Ойыншықтар» өлеңі Мақсаты: Тілдегі барлық дыбыстарды анық айта алуға үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды дамыту).</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Өз бетінше киіну. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. <b>(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)</b>				
<b>Серуен</b>	1. Алтын күзді бақылау Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып,	1. Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай	1. Күнді бақылау Мақсаты: балаларға күннің пайдалығын	Көшедегі көліктерді бақылау Мақсаты: Көшедегі	Құстарды бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін

	<p>күздің алғашқы белгілерін анықтау <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды дамыту).</b></p> <p>2.Қимылдық ойын: «Бақалар» Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаң қимылдып, жылдам жүгіруге үйрету Қимылды ойын: «<b>Кім жоғары секіреді</b>» Бір орында секіру, қимыл – қозғалысын шапшандықтарын арттыру. Жолдастық сезімдерін арттыру. <b>(дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту).</b></p>	<p>дайындалады? <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды дамыту).</b></p> <p>2.Қимылдық ойын: «Итеріспек». Мақсаты: Балаларды аяқтарында секіруге үйрету <b>«Қоймадағы тышқандар»</b> Мақсаты:Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту. Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау. <b>(дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту).</b></p>	<p>түсіндіру <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды дамыту).</b></p> <p>2.Қимылдық ойын: «<b>Үрпек төбет</b>» Мақсаты:Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Қимылды ойын: 2.Қимылдық ойын: «<b>Әткеншек</b>» Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүребілуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>(дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту).</b></p>	<p>көліктерді жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды дамыту).</b></p> <p>2.Қимылдық ойын : «<b>Жүгіріп кетуге үлгер</b>» Мақсаты:Ептілікке, шапшандыққа, батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету. 2.Қимылдық ойын: «<b>Автомобиль</b>» Мақсаты:Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.</p>	<p>қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындағы туралы түсінік беру. <b>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды дамыту).</b></p> <p>2.Қимылдық ойын: «<b>Қояндар секірді</b>» Мақсаты: Балаларды қимыл қозғалысын дамытуға ептілікке, шапшандыққа үйрету. 2.Қимылдық ойын: «<b>Соқыр теке</b>». Мақсаты:қимылды ойындарға қызығушылықты арттыру.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бірін-бірі итермей екі-екіден жүруге дағдыландыру. Өз бетінше шешінуді, киімдерін жинау, ілу, ересектердің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстыру, кию. <b>(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,</b></p>	<p>Санамақ Бір үйде нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз Бас бармағым-әкем, Балан үйрек-анам,</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: Ағаштан, шыныдан, пластмассадан</p>	<p>Ән «Алтын күз» жаттау. <b>(Музыка ****-шығармашылық дағды дамыту ).</b></p>	<p>Санамақтар айтқызу Бір дегенім- бүркіт, Қалады аңдар үркіп, Екі дегенім – ешкі, Қорамызды тесті,</p>

<p><b>бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Ортан терек-ағам Шылдыр шүмек-мен Кішкене бөбек сен. <b>(математика негіздері,сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).</b></p>	<p>үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. <b>(математика негіздері,сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).</b></p>	<p>жасалатын ойыншықтар жайлы әңгіме жүргізу. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау. <b>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды дамыту).</b></p>		<p>Үш дегенім – үйім, Үйде жақсы күйім. Төрт дегенім – түлік, Жүрші мұны біліп. Бес дегенім – бесік Шықтық одан өсіп. <b>(математика негіздері,сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).</b></p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы.</b></p>	<p>Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру. Ата-аналарға балаларды ауа-райына сай киіндіру. Ата-аналарға балалардың тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.</p>				



**Білім беріу ұйымы:** Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Б. Тналин атындағы Бірсуат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ шағын орталық

**Топ** «Болашақ» ортаңғы-ересек тобы

**Балалардың жасы** 3-4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 26 қыркүйек - 30 қыркүйек 2022жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 26.09.2022ж	Сейсенбі 27.09.2022ж	Сәрсенбі 28.09.2022ж	Бейсенбі 29.09.2022ж	Жұма 30.09.2022ж
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды қабылдау: таңғы балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл-күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, баланың қазіргі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білдіру.				
	Көңіл-күй неге ұқсас» ойыны <b>Мақсаты:</b> бүгінгі көңіл-күйлері неге ұқсас екенін айтып беру, сөздік қорын кеңейту. (ауа-райы, табиғат құбылыстары) <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)</b>	<b>Таңғы сәлем.</b> «Құшақтау». <b>Мақсаты:</b> құрдастары мен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу. Құрдастарының әрекетін түсінуге баулу. <b>(қазақ тілі*** қоршаған ортамен таныстыру- коммуникативтік, - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)</b>	«Қандай ойындарды ұнатасындар?» әңгімелесу. <b>Мақсаты:</b> диалогтік сөйлеуді жетілдіру, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. <b>(сөйлеуді дамыту- коммуникативтік дағды)</b>	«Қандай ойындарды ұнатасындар?» әңгімелесу. <b>Мақсаты:</b> диалогтік сөйлеуді жетілдіру, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. <b>(сөйлеуді дамыту- коммуникативтік дағды дамыту)</b>	<b>Таңғы амандасу.</b> «Қалай сәлем айтқыңыз келеді?» <b>Мақсаты:</b> мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыру, амандасу қажеттілігі туралы үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, қоршаған ортамен таныстыру- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)</b>
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгімелесу Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын әңгімелеу Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Дидактикалық ойын «Табиғат құбылыстарын ата» Мақсаты: Табиғатта болатын өзгерістерді олардың жыл мезгілерін сипаттайтын басты ерекшеліктерді түсіндіру. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту).</b></p>	<p>Күз туралы әнді қайталап айтқызу. Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын түсіндіру, мәнерлеп айтуға үйрету. <b>(музыка, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту).</b></p>	<p>Дидактикалық ойын «Бау-бақша ойыны» Мақсаты: Жеміс пен көкөністің айырмашылығын табуға үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік дағдыларды дамыту)</b></p>	<p>Дидактикалық ойын: «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: Балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік дағдыларды дамыту)</b></p>	<p><b>Үстел-үсті ойыны:</b> «Бөліктерін тап» <b>Мақсаты:</b> берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. <b>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды)</b></p>
<p><b>Танертенгі жаттығу</b></p>	<p>Танертенгілік гимнастика кешені (физикалық қасиеттерді дамыту). Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді. Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді, қолды белге қойып аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді. Жеңіл жүгіру, оң қырындап шеңбер ішіне қарап жүгіру. Қол белде, аяқ арасы сәл алшақ. 1 басты алға ию 2 басты оңға ию 3 басты артқа ию басты солға ию бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып, аяқ иық бойымен, қол белде. 1 екі қолды алға созу, 2 қолды жоғары көтеру, 3 қолды жан-жаққа созу, 4 қолды төмен түсіру бастапқы қалыпқа келу <b>2. Бастапқы қалып, қол белде, аяқ арасы алшақ.</b></p>				

	<p>1 оң жаққа иілу, 2 сол жаққа иілу бастапқы қалыпқа келу Бастапқы қалып, аяқ арасы сәл алшақ, қолды алға созу. 1 отыру, 2 тұру, 3 бастапқы қалыпқа келу Бастапқы қалып, еденге отыру, қолды артқа тіреп отыру. 1 дегенде екі қолмен тізені құшақтау, 2. бастапқы қалыпқа келу 6. Бастапқы қалып, қол белде, аяқ иық бойымен, оң аяқпен 4 рет секіру, сол аяқпен 4 рет секіру, қос аяқпен 4 рет секіру, орында тұрып адымдау. Бастапқы қалып, бірінің артынан бірі адымдап жүру, жеңіл жүгіру. Демді қалыпқа келтіру. Тыныс алу жаттығу жасау.</p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p>Таңғы ас алдында мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. (Ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге ретімен қою) Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, қолдарын өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерді еңбекке баулу)</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>«Менің отбасым» Балаларға өз отбасы мүшелерінің есімдерін атату, олар бізді қалай еркелетіп атайды, біз оларды қалай еркелетеміз әңгімелесу. Отбасы мүшелерінің суретін салу. «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау. Отбасында ойналатын сүйікті ойынды ойнату. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған</b></p>	<p>«Алтын күз» өлеңін оқу <b>Мақсаты:</b> күз мезгілі туралы түсінік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. <b>(қазақ тілі - коммуникативтік дағды)</b> Сары, жасыл жапырақтардың суретін салдырту, мүсіндеу. <b>(сурет салу, мүсіндеу-шығармашылық дағды).</b></p>	<p>«Отбасылық демалыс» қалай өтеді. Кім қайда барады? Несімен ұнайды? Кітаптар қарау. <b>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыларды дамыту).</b> «Анасының көмекшілері» аспаздық шеберлік. Балаларға ермексаздан бауырсақ мүсіндеу. <b>(мүсіндеу-шығармашылық дағды дамыту).</b></p>	<p><b>Суретті кітапшалар мен жұмыс</b> <b>Мақсаты:</b> үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. <b>(қазақ тілі - коммуникативтік дағды дамыту).</b> Балаларды орталықтарға бөлу. Өз қалауы бойынша еркін тақырыпта шығармашылық жұмыстармен</p>	<p>«Құрметті қонақ» топқа отбасы мүшелерін қонаққа шақыру. Арнайы дайындалған әндерді, тақпақтарды айтып беру. Анама арналған сөздер. Өз сезімдерін аналарына жеткізу. Дайындаған сыйлықтарын беру. <b>(көркемәдебиет, музыка****-коммуникативтік, шығармашылық</b></p>

